

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Эмоционалды және ерік процестері

Орындады: Эргашов А.А.

Гр -1009 ОМ

Қабылдады: Мусабеекова А.С

Қарағанда- 2017 ж.

Жоспар

1. Ерік туралы түсінік
2. Еріктің физиологиялық негіздері
3. Сезім және күрделі эмоциялар

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Ерік

Ерік — адамның өз мінез-күлкын саналы түрде меңгере алу қабілеті. Адамды әр алуан әрекеттер мен іске бағыттайтын нәрсе,— мақсат қою, соған талпыну. Мұны психологияда ниет (мотив, себеп) деп атайды.

Адамның мақсаты, қалауы, әр түрлі істерді орындауға ұмтылуы, жалпы алғанда, ниеттерінің жиынтығы психологияда адам ниетінің өрісі делінеді. Басқаша айтқанда, бұл — адамның бағдарлы әрекеті. Сонымен, адам ниетінің өрісіне оның саналы әрекеті, еріксіз істері, айқындалған істері, мақсаты, әлі жете анықталмаған істері де жатады. Ниеттерді орындауда тіршілік үшін маңызды да, мәні аз да істер кездесіп отырады. Ниет өрісі өзгергіш, әрі қозғалғыш, сондай-ақ сыртқы жағдайларды өзгеріп отыруына орай айнымалы болып келеді. Алға қойған мақсатқа сәйкес ниеттің мазмұны да айқындала түседі. Осы тұрғыдан алғанда, адам ниетінің мәні жекеменшікті не менмендікті, өрісі тар тоғышарлықты не өрісі кең қоғамдық сипатты білдіреді. Адам ниетінің өрісі белгілі мақсатқа бағытталып, оның азаматтық қасиеті мен іскерлігін, адамгершілік сапаларының өзгеруі мен тұр-сипатын білдіреді.

Әрбір жеке адамның ерікті іс-әрекеттерінің өзіндік синаты бар. Бұл сипат қоғамдық маңызды жұмыстарды орындау үшін мәні аз іс-әрекеттерді соған бағындырып, өзінің жеке мақсатынан бас тартып отырады. Ерік — адамның қарқынды іс-әрекетін білдіретін процесс. Сөйтіп, адамның мінез-күлкы мен әрқилы істерді орындауға ұмтылуы маңызы зор, мақсатты істерді орындау-а бағытталады. Адам еркінің, көрінісі оны саналы түрдегі іс-әрекетінен байқалады. Қиын-қыстау жағдайлардан жол тауып шығуға жетелейді, соны жүзеге асыруға қажетті құрал табады.

Тарихта болған белгілі адамдарды өмір жолына назар аударсақ, олардың алға қойған мақсаттарын орындау үшін орасан зор күш жұмсап, рухтанып, қиыншылықты ерікті істерімен жекіп шыққанын көреміз. Бұған мысал ретінде «Шығыстың, қос жұлдызы» атанған Әлия мен Мәншүктің Ұлы Отан соғысындағы ерлігін айтуға болады, Ел басына күн туған шақта туған жерге деген сүйіспеншілік осынау нәп-нәзік қазақ қыздарының бойына күш-жігер, рух берді. Олар ерлік пен батылдықтың " өшпес үлгісін көрсетіп, Отан үшін жанын пиде етті. Бұл да — адам еркінің бір көрінісі.

Ерiк

Физиологиялық негiзi

Қанға бұлшық еттері

Жүйке жүйесі

- ҚИМЫЛ
- ҚИМЫЛ
- ҚИМЫЛ

Әрекет акцепторлары

Қызметтік жүйе

Ерік сапалары

- ¹
 - Еріктің күшіне қарай : тоқтама, келушілік, кедергілерді жібере алу, өзін өзі меңгеру

- ²
 - Ерік қимылының сапаларына қарай: жеке мүддені ұжым еркіне қоғам мүддесіне бағындыра салуда көрінетін сапалар

- ³
 - Еріктің дербестігінен басқару сапалары: инициатива, принцип, тәртіптілік ... т.б.

Сезім және күрделі эмоциялар

Адам - қоғамдық тіршілік иесі. Сондықтан оның сезімі де әлеуметтік сипатта болады. Сезімдер қоғам дамуына байланысты өзгеріп отырады. Бір-біріне ұқсас оқиғалар мен фактілерді әр кезеңде өмір сүрген адамдар әр түрлі бағалайды.

Сезім адамдардың әрекеттенуіне түрткі болады. Қандай да болмасын жұмыстың нәтижелі болуы ең алдымен оған деген көзқарасқа байланысты. Жұмыс жемісіне селқос, немқұрайлы қараған жерде, оның сапасы да төмен болмақ. Сезімнің шығармашылық жұмыста ерекше маңызы бар. Ақын, суретші, ғалым, өнер тапқыштардың жұмыс процестеріндегі көтеріңкі көңілі, шабыты сезіммен тығыз байланысты. Сезім адамның барлық таным процестерінде үлкен роль атқарады. Эмоциялар адамның түрлі органикалық қажеттеріне байланысты туып отыратын шағын, жағдаятты көңіл күйлері, адам қуанғаннан, қамыққаннан көзіне жас алса, бір нәрсеге мәз болып, ішек-сілесі қатып күлсе, мұндай жағдайдың ұзаққа созылмайтындығы белгілі.

Тұрмыстағы жай сөздерде "түйсіну", "сезіну" деген ұғымдар араласып жүреді. Біз сөйлегенде, "мен қорқынышты түйсінемін", "ауырғанымды сезіндім" дейміз, ол дұрысында: "қорқынышты сезіндім", "ауырғанымды түйсіндім" деп айтылу қажет. Түйсік арқылы заттар мен құбылыстардың сапаларын танимыз, ал сезім болса, адамның ішкі көңіл күйін, оның сол заттар мен құбылыстарға қатынасын көрсетеді.

Эмоциялар мен сезімдер адамның сырт пішінінен жақсы байқалады: олар адамның мінез-құлқына және жағдайына, сондай-ақ ішкі органдарының жұмысына да ықпал жасайды. Абыржу кезінде біз жүректің қатты соққанын, қан тамыры соғуының жылдамдауын басымыздан өткіземіз, біздің демалуымыз қиындайды, қол-аяғымыз дірілдей бастайды, кейде адамның ыстығы көтеріліп кетеді; керісінше де болуы мүмкін: маңайдан суық тер шығады. қалшылдай бастайды, көзден жас сорғалайды. Сезім кісінің бет-әлпетінен де мимикасынан да көрінеді. Халықтың қанатты сөздерінде "Адам жүзі - жанның айнасы", деп босқа айтылмаған. Біздің бетіміздің бұлшық еттері өте қозғалмалы, ол адамның ішкі көңіл-күйіне тәуелді болғандықтан неше түрлі құбылады. Кітапқа жапсырылған суреттерді қараңыздар. Сол суреттер арқылы адам дәл сол кезде қандай сезім үстінде екенін айыру қиын емес. Бүкіл дене қимылдары (пантомимика) да яғни қимыл, сымбат, дененің әдемі қимылы, адамның кейпі сезімді білдіреді.

Эмоцияны басқаларынан көрі толығырақ бере алатын - біздің сөзіміз. Сөз тек ойды ғана білдіріп қоймай, сондай-ақ сүйіспеншіліктен бастап жек көрушілікке дейінгі, үрейленуден бастап жеңіс қуанышына дейінгі әр алуан сезімді білдіреді. Эмоцияны әсіресе айқын білдіретін - поэтикалық сөздер. Сөз ырғағы да үлкен рөл атқарады. Бір сөздің өзі айтылуына қарай не қуанышты, не қайғыны, не ашуды білдіруі мүмкін. Бейтаныс шетел тілін тыңдай отырып, оны сөйлеп тұрған адамның қандай көңіл-күйде екенін ажырату қиын емес.

Сезімді білдіруде өнердің, әсіресе музыканың үлкен мүмкіншіліктері бар. Сөзге қарағанда музыка тыңдаушыларының көңіл-күйін ауызекі айтып жеткізуге өте қиын терең сезімге бөлей алады.

Сезім сырттай көрінуі арқасында басқаларға оңай көшеді. Шынында да, жылап тұрған адамды көргенде, тіпті көбіне оның қайғысының себебін білмесек те біз мұңайып қаламыз. Керісінше, көңілді, шат адамды көргенде - біздің көңіл-күйіміз көтеріледі.

Сезім барлық психикалық процестермен тығыз байланысты.

- Субъект сипаты
- Ортамен болған өзара қатынас
- Қоздырады
- ЭМОЦИЯ-қысқа мерзімде болады, бет пішінінен білінуі

- Лимпикалық жүйе қызметі
- Ретикулярлы формация қызметі
- Қанға адреналин қосылады
- СЕЗІМ-ұзақ мерзімде және тұрақты болады

ҚОРЫТЫНДЫ

- Сонымен, тұлға - бұл шынайы жоғары интегративтік, бұзылмайтын біртұтас жүйе. Тұлғаның қалыптасуындағы орталық бөлім болып - адамның мотивациялық аймағының, яғни оның талаптарының, тілектерінің, ұмтылыстарының және ниеттерінің дамуы саналады. Қажеттіліктер қанағаттанылуы керек, ал бұл оларды қанағаттандыратын амалдарды іздеуге және табуға бағытталған әдістер мен құралдардың пайда болуын және оларды жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан мотивациялық сфераның дамуына байланысты баланың танымдық қабілеттерінің, оның дағдыларының, қолынан келетін істерінің, әдеттері мен мінезінің дамуы жүзеге асырылады.
- Адам қажеттілігін қанағаттандыру үшін шынайы қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, онымен қатынас жасай білуі керек. Осындай бейімделудің құралы болып - адамның уайымдары саналады. Олар адам қажеттілігінің қанағаттанылуының деңгейін ерекше әсерлі түрде көрсетеді. Уайымдар адамның қоршаған ортамен қарым-қатынастарға бейімделуінің бастапқы құралы болып, кейінірек өзіндік мағынаға ие болады және адам қажеттілігін сезіне бастайтын психологиялық шындық түрінде көрінеді. Осылайша адамның психологиялық дамуына шексіз мүмкіндік тудыратын қанықпайтындай көрінетін қажеттіліктер пайда болады. Тұлғаның қалыптасуындағы қажеттіліктерді жете түсіну үшін баланың өмір үрдісінде пайда болатын және дамитын жаңа әлеуметтік қажеттіліктерді ескеру қажет.
- Л.С.Выготскийдің ілімі бойынша, онтогенетикалық даму кезінде бала санасының жүйелік құрылысы өзгереді. Осы теориялық пайымдауды жалғастыра отырып, біз адам тұлғасы да жоғары интерактивтік деңгейдегі тұрақты салыстырмалы психологиялық жүйе екенін мойындауымыз керек. Және бұл жүйенің де өзіндік даму қисыны мен заңдылықтары бар.
- Тұлғаның қасиеттеріне зейін, сезім, эмоция, ерік, темперамент, мінез және қабілет жатады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. Алматы -2002ж.
- Намазбаева Ж.И. Психология, оқулық Алматы-2005ж.
- Алдамұратов А. Жалпы психология, Алматы, 1996ж.
- Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы 1993ж.ж.